Мектеп оқушылары бірнеше республикалық және қалалық ғылыми-практикалық конференцияларға, әр түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысты. Бұндай іс-шаралар оқушының көпшілік алдында өзін ұстау, жетістікке жетуге талпыну қасиеттерін қалыптастырады.

Қорытынды:

Оқушы дарындылығын, ізденімпаздығын тудыруға көмектесу мақсатында мұғалімдердің шығармашылық топтары құрылды. Ғылыми жоба дайындау, олимпиадаға дайындау және сыныптан тыс жұмыстарға дайындау топтары қабілетті және дарынды оқушыларды іріктеп топтастыруға ықпалын тигізеді. Мектепте әр пән бойынша қабілеті жоғары, білімі терең оқушылардан Олимпиадалық қор құрылған. Сонымен қатар мектептің кітапханалық-ақпараттық қызметінің электрондық кітапханасының болуы, Интернет желісіне қосылып, еркін ақпарат алуға мүмкіндік беруі ізденіс пен білімге құмар оқушыларға үлкен көмек. «Дарындылық негізі- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда» ұстанымын ұстаған мектеп ұжымының жүйелі, бағытты жұмысының нәтижесі ретінде жыл сайын оқушылар әр түрлі деңгейдегі зияткерлік, ғылыми, шығармашылық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, Мақтау грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталуда.

Сонымен қатар мектеп мұғалімдері де әр түрлі деңгейдегі кәсіби, шығармашылық сайыстарға қатысып, өз әлеуетін көтеріп, кәсіби күзиреттілігін дамыту жолында жұмыс жасауда.

Ұсыныс:

1. Оқушыларды алдын ала дайындау;
2. Оқушылармен олимпиадаға дайындық жұмысын сапалы жүргізіп, республикалық, халықаралық олимпиадаларға, сайыстар мен байқауларға қатысу;
3. Олимпиада барлық пәннен қатысуын қамтамасыз ету.

Әдістемелік бірлестік бойынша атқарған жұмыстар

Әр оқу жылының басында әдістемелік бірлестік отырысы өткен оқу жылы бойынша есеп беруден басталады. Келесі жылға оқу - әдістемелік құжаттармен, стандартпен, оқу бағдарламасымен және оқу жылының басталуы туралы бұйрықпен т.б. бұйрықтармен танысу, талқылап, қарастырудан басталады. Бірлесе отырып, талқыланған мәселелер бойынша жаңа оқу жылына жоспар құрылады. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің іс – тәжірибесімен танысу, бөлісу. Жоспарланған әдістемелік отырыстарда келесі мәселелер қозғалады: оқушылармен тәрбие сағаттар, сыныптан тыс іс-шаралар, сайыстар ұйымдастыру;

білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша қосымша сабақтар жүргізу;

«Шығармашылық топ» құру (зерттеуші мұғалімдердің семинар, коучинг, шебер-сынып көрсетуі);

дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру (факультатив сабақтарға талдау жүргізу, есеп беру).

Бастауыш буыннан орта буынға (4-5 сыныптар арасындағы сабақтастық) айлығы ұйымдастырылды, қортындысы тыңдалады.

Кіріс бақылау, әкімшілік, қорытынды жұмыстар алынды, талдау жасалады.

тоқсан қорытындысы, сапа бағдарламаның орындалуын, әр тоқсанның бақылау жұмыстарына салыстыру жүргізіліп, қорытындысы шығарылады.

Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді қолдану жолдары бойынша коучинг өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің оқушылармен ғылыми жоба бағытындағы жұмысы төмендеді. Келесі оқу жылы әр мұғалімге жығыми жобамен жұмыс істеу мақсаты қойылды, бұл оқушылардың пәнге қызығушылығын көтереді. Дарынды балалармен қосымша тереңдетілген жұмыс жасау керектігі, пәндік олимпиадаға қарқынды дайындалу керектілігі ӘБ отырысында айтылды.

2024-2025 оқу жылына қойылған мақсаттар:

-Дарынды оқушылармен тереңдетілген жұмыс жасау, ғылыми жоба конкурсына қатысу;

-Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс істеу, олардың қызығушылықтарын және мотивациясын арттыру;

-Lesson Study бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізу, өзара сабақтарға қатысу;

-Қалалық семинарларға қатысу, тәжірибемен бөлісу.

Инклюзивті білім беру мен оны дамыту

Мақсаты: мектепте инклюзивті білім беруді дамыту, жалпы білім беру үрдісіне енгізу

Міндеттері:

- Ерекше білім беру қажет ететін оқушыларды әлеуметтендіру мен бейімдеуге жәрдемдесу
- Ерекше білім беру қажет ететін оқушыларды жеке сүйемелдеуді қамтамасыз ету
- Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың білім сапасын арттыру
- Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың білім беру мекемесінде қосымша білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз ету
- Ерекше білім беру қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуді үйлестіру үшін қоғамдық ұйымдармен. Әлеуметтік қорғау және медицина мекемелерімен әлеуметтік әріптестікті дамыту
- Ерекше білім беру қажет ететін оқушылардың ата-анасын оқу үрдісіне қатыстыру;

Инклюзивті білім беру – бұл барлық бала өздерінің физикалық, ақыл-ой, интеллектуалды және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне енгізілген және мүмкіндігі шектеусіз құрдастарымен бірге оқытылатын оқыту және тәрбиелеу процесі. ҚР «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген. №63 мектеп-гимназиясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызмет жұмыс жүргізеді.


Ерекше қажеттіліктері бар балалардың даму мүмкіншіліктерінің сапалық көрсеткішінің динамикасы

№	Оқу жылы	Мүмкіндіге шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балалар туралы
1	2022-2023	Ерекше білімді қажет ететін балалар саны мектепте 18 оқушыны құрады. Оқушылардың жағдайы денсаулықтарына байланысты әр түрлі.
2	2023-2024	Ерекше білімді қажет ететін балалар саны мектепте 40 оқушыны құрайды. Оқушылардың жағдайы денсаулықтарына байланысты әр түрлі.
3	2024-2025	Ерекше білімді қажет ететін балалар саны мектепте 33 оқушыны құрайды. Оқушылардың жағдайы денсаулықтарына байланысты әр түрлі.

Ерекше білім беру қажеттілігі - бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі. Жалпы білім беруді дамыту инклюзивтілік принципті негізге ала отырып, білім берудегі құндылықты бағдарлардың өзгеруін болжайды. Осыған орай 2023-2024 оқу жылы мектебімізде инклюзия кабинеті ашылды. Осы кабинетте арнайы мамандар жұмыс атқарып келеді. Мектебіміз 14.08.2023 жылы «Болашақ» корпоративтік қоры «Аутизм және басқа психикалық бұзылыстары бар балаларға арналған инклюзивті қолдау көрсету қызметі» бір жарты жылдыққа шартқа отырып, «Болашақ» қорының психологы Воронцовая Полина Александровнамен мектебіміз жұмыс жасады. Сонымен қатар алынған мамандар дефектолог Алпысбаева Балшырын, логопед Жакупова Ляззат және 5 педагог-ассистент жұмыс жасады. 2023-2024 оқу жылында 40 ерекше білім қажет ететін бала болды, ең үлкен балалар 8-9-сыныпта оқыды. Дегенмен емделетін диагноздар бар.

Мысалы, бала бұрын жаза алмаса, қазір жаза алады, сөйлей алмаса, сөйлейді, айта алмаған әріптерін айтады, ойын жеткізе алады. Осындай өсу динамикасы байқалуы мүмкін. Яғни салыстырмалы түрде алғанда бұрынғыдан дамиды. Таным процестері, ойлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттері дамуы мүмкін. Осындай динамикасында өзгеріс болуына байланысты ПМПК шешіміне сәйкес үш оқушы есептен алынды (Логниненко Никита, Алексеев Радион, Бакиров Ермухамбет).

18.01.2024 жылдан бастап мектебіміз TOO «NESS Cconsult Realty 2020» компаниясы «Аутизм және басқа психикалық бұзылыстары бар балаларға арналған инклюзивті қолдау көрсету қызметі» тендер ұту арқасында ЕБАҚ балалармен жұмыс жасап келеді.



Мектебімізде инклюзивті білім беру беру жағдайында қауіпсіз орта бойынша тоқталатын болсақ:

- 1.Қажетті мамандардың (дефектолог-мұғалімдердің, педагог-психологтардың, логопедтердің, ассистент-көмекшілердің және т. б.) немесе психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік орталықтармен ЕББҚЕ балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы шарттардың болуы;
- 2.ЕББҚЕ балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін арнайы жағдайлардың, оның ішінде кедергісіз ортаның болуы;
- 3.Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтарының біліктілігін арттыру мүмкіндігі.

Білім беру мекемесіне кіру:


- Тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар үшін мектепке кіре берісте пандус орнатылған.
- Пандус арбадағы бала өз бетімен көтерілу және оның бойымен түсу үшін жеткілікті (10-12о) қысқа.
- Пандустың қажетті атрибуттары қоршау борты (биіктігі - 5 см кем емес) және тұтқалар (биіктігі - 50-90 см) болып табылады, олардың ұзындығы әрбір жағынан пандустың ұзындығынан 30 см артық .
- Мектепке кіруді күзеттің алдын алу үшін қоңырау шалумен жабдықталған.

Білім беру мекемесінің ішкі кеңістігі:

Көру қабілеті бойынша мүгедек балалар үшін едендерде тактильді жолдар төселген :бағытын ауыстырған кезде еден бедері де өзгереді:

ӘЖЕТХАНА:

- Дәретханаларда тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға (оның ішінде арбалы-мүгедектер) көлемі 1,65 м кем емес 1,8 м жеке кабинка орнатылған.
- Арнайы кабинадағы есіктің ені-90 см.
- Унитаз жақтарының бірінің жанындағы кабинада креслолардан унитазға ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін кресло-арбаларды орналастыруға арналған бос алаң бар.
- Кабина тұтқалармен, штангалармен, аспалы трапедиялармен жәнет.б. жабдықталған. Дәретханадағы бір раковина еденнен 80 см биіктікте орналасқан. Айналардың және қолды кептіруге арналған электр аспабының төменгі шеті, сүлгі мен дәретхана қағазы осындай биіктікте орналасқан



2024-2025 оқу жылы мектебіміздің кітапханасы «САТР» оқулықтарын алып, ПМПК ұсынымдары бойынша жалпы сыныптық ортада бастауыш білім берудің жеке оқу бағдарламасына сәйкес мектеп мұғалімдері жоспар құрып, жұмыс жасайтын болады.




Жағдайларда жұмыс істеуге мұғалімдердің жеке және кәсіби дайындығы инклюзивті білім беру (инклюзивті білім беру идеясын құндылық ретінде қабылдау,үздіксіз оқу және өзін-өзі дамыту): мұғалімдер біліктілігін арттыру курстарынан өтеді.

Сонымен қатар, ерекше білім қажет ететін балалармен қатар және үйде білім алатын 17 оқушы бар. 1-10 сынып аралығында оқитын оқушылар. Үйде білім алатын оқушылардың анықтамаларына байланысты оқу бағдарламасы жасалған. Пән мұғалімдері үйлеріне барып, сабақтарын өткізеді.

**Үйде жеке оқитын оқушылар санының динамикасы
(3 жылдан жоғары)**

Оқу жылы 2022-2023	Сынып 15	Бала саны	Оқу жылы 2023-2024	Сынып 17	Бала саны	Оқу жылы 2024-2025	Сынып 14 оқушы	Бала саны
1	9 «Ж»	1	1	6 «Е»	1	1	1 «Ә»	1
2	8 «З»	1	2	5 «Ж»	1	2	2 «Д»	1
3	6 «Ж»	1	3	7 «А»	1	3	4 «Б»	1
4	8 «А»	1	4	4 «И»	1	4	5 «И»	1
	3 «И»	1		10 «Г»	1		6 «Ж»	1
5	5 «И»	1	5	7 «З»	1	5	7 «Е»	1
6	7 «Д»	1	6	7 «Ж»	1	6	7 «Ә»	1
7	2 «З»	1	7	8 «Г»	1	7	8 «Е»	1
8	9 «Е»	1	8	9 «А»	1	8	8 «Ә»	1
9	6 «Е»	1	9	1 «Д»	1	9	8 «З»	1
10	4 «Ж»	1	10	3 «Б»	2	10	9 «Г»	1
11	7 «З»	1	11	2 «Ә»	1	11	10 «А»	1
12	2 «Б»	1	12	6 «Ә»	1	12	11 «Г»	1
13	7 «Г»	1	13	7 «Е»	1	13	4 «Г»	1
14	10 «Г»	1	14	3 «К»	1			
			15	3 «З»	1			



Мектеп-гимназиясында инклюзивті енгізу бойынша өзіндік жұмыс жүйесі жасалған.

Арнайы білім алуды қажет ететін баланы гимназияда алып жүрудің маңызды құрамдас бөлігі болуы болып табылады.

№63 мектеп-гимназиясында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (психологиялық және медициналық-педагогикалық кеңес) жұмыс істейді.

Тәрбие бағыты бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына АНАЛИТИКАЛЫҚ талдау есебі

Тақырыбы: БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ құндылықтар негізінде ТОЛЫҚ АДАМ МОДЕЛІН қалыптастыру

Мақсаты:

- ✓ қазақстандық құндылықтар мен басымдықтарға негізделген патриот, өзара құрмет пен сенімдегі оқушылардың жайлы ортасын құру;

Міндеттері :

- ✓ жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсаттарын біріктіру;
 - ✓ салауатты өмір салтын адамзат қоғамының заманауи тренді ретінде насихаттау.
Күтілетін нәтиже:
 - ✓ қазақстандық қоғамның құндылықтары мен басымдықтарына негізделген қазақстандық тәрбие моделін құру;
 - ✓ балалар мен жастардың психологиясына, мінез-құлқына, әлеуметтік қарым-қатынас ортасына әсер ететін жағымсыз факторлардың алдын алу;
 - ✓ салауатты өмір салтын адамзат қоғамының заманауи тренді ретінде насихаттау.
- *2022/2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355 жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығы*

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары:

- 1) *Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.*
- 2) *Рухани-танымдық тәрбие.*
- 3) *Ұлттық тәрбие.*
- 4) *Отбасылық тәрбие.*
- 5) *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.*
- 6) *Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.*
- 7) *Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.*
- 8) *Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.*

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы мен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы мен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

ТӘРБИЕ БӨЛІМІ:

Кержикеева Макпал Рыспаевна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Стаж: 11 жыл. (осы мекемеде 3 жыл)

Айтжан Нұрсауле – педагог-ұйымдастырушы. Стаж: 2 жыл (осы мектепте 2 жыл)

Ебышова Карлыға Едиловна – педагог психолог. Стаж: 12 жыл (осы мекемеде – 9 жыл)

Ильасова Гулсана Бауыржанқызы – әлеуметтік педагог. Стаж: 5 жыл (осы мекемеде – 3 жыл)

Атекеева Айман Ергеновна – сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі. Стаж: 19 жыл (осы мекемеде 4 жыл)

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие модулі

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық түсінігі мен сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті, өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру.

№	Іс-шаралар	Түрі	2022-2023ж	2023-2024ж
1	ҚРКК –де қызмет ету ҚР мемлекеттік рәміздері «Жас Ұлан» әскери-патриоттық спорт клубы	Даярлық шара	 +	 +
2	Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиеге қатысты шаралар Буллинг алдын алу	Акция Челлендж Сынып сағаты	 +	 +
3	«Мектеп Парламенті сайлауы»	сайлау	+	+
4	«Алаш қайраткерлері»	байқау	-	-
5	1,5 сынып оқушыларын «Жас қыран», «Жас ұлан» оқушылар ұйымына қабылдануы	жиын	100 %	100%
6	Оқушылардың мәнерлеп оқу сайыстарына қатысу деңгейі, сатылай кешенді талдау	сайыс	100%	100%
7	Оқушылардың Абай, Мұқағали, Қадыр, Жамбыл, Мұхтар оқуларына қатысу деңгейі	оқу	+	+

8	Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын шараларға қатысу	іс-шара челленд акция	100 %	100%
9	Республика күні	іс-шаралар	100 %	100%
10	«Мен елімнің патриотымын» патриоттық шаралар «Жас құтқарушы»	Айлық сайыс	100 %	100%
11	Сыртқы ортамен	байланыс	+	+

Құқықтық тәрбие беру - оқу-тәрбие жұмысындағы ең күрделі бағыттардың бірі. Мектептің төртінші қабатында орналасқан «Сен және құқықтық білім» стендте оқушыларға бала құқығын қорғау Конвенциясынан мәлімет берілген. Сынып сағаты «Сен және құқық» өтті. КОПД мүше оқушы Кабдрахманова Жансая бала құқығын қорғау тақырыбында оқушылармен кездесіп, түсіндіру жұмыс жасап отырады. Құқық менеджері Крамор Олга желтоқсан айы, 2022 жылдан оқушылардың кешігуі мен құқықбұзушылықтың алдын алумен (мектепішілік және қалалаық құқықбұзушылық есепке қою) жұмыс жасайды. Есебі шығарылып отырады.

АӘД бойынша жүргізілген жұмыстар :

- ✓ «Жас батыр» әскери-спорттық эстафетасы – 1 орын
- ✓ «Айбын» әскери –спорттық ойындар – 1 орын
- ✓ «Астана патриоты» -1 орын медаль
- ✓ «Олар Отан үшін соғысты»-1 орын
- ✓ «Әскер – ел қорғаны» -1 орын
- ✓ «Б.Момышұлының нақыл сөздерінен» -2 орын
- ✓ «Батырдан қалған өсиет» -1 орын
- ✓ «Балалар сөзі – тәрбие көзі» -3 орын
- ✓ «Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады» (Ауған соғысы ардагерімен кездесу) -1 орын
- ✓ Азаматтық қорғаныс күніне арналған жаттығулар жиынтығы
- ✓ Сынып сағаттары өтілді.

Құқықтық сала:

- ✓ Ішкі істер басқарма мамандарымен кездесулер – 4
- ✓ Наркологиялық дәріс – 2
- ✓ Буллингтік шаралар – 4 рет
- ✓ Құқық менеджерімен кездесу – күн сайын
- ✓ Тәрбие орынбасарымен кездесу – апта сайын
- ✓ Мектеп психологтарымен кездесу- 2 р
- ✓ Әлеуметтік педагогтармен кездесу – 1 р

«Жас құтқарушы»:

- ✓ Қалалық сайыс – 3 рет

Мектеп Парламенті :

- ✓ Ата –аналармен байланыс – 4
- ✓ Оқушылармен шаралар – 10
- ✓ «Оқуға құштар мектеп» - 4 рет
- ✓ Спорттық бағыт – 5 рет
- ✓ Мәдени бағыт – 5 рет
- ✓ Қалалық шараларға қатысу – 20
- ✓ Мектеп директорымен кездесу – 3 рет
- ✓ Волонтерлық бағыт – бастауыш сыныптарға бекітілді
- ✓ Парламент Президенті – Жүсін Сая , КОПД, Балалар өкілеттілігі мүшесі – Кабдырахманова Жансая.
- ✓ ҚР мемлекеттік рәміздер:

ҚР мемлекеттік рәміздер:

- ✓ Апта сайын 7.55 және 13.55 ҚР мемлекеттік ГИМН
- ✓ Спорттық және мәртебелі іс-шара кезінде ҚР мемлекеттік ТУ ендіру

- ✓ Квест ойындары – 4 рет
- ✓ Сынып сағаттары – 0-11 сыныптар
- ✓ Тақырыптық сағаттар – 6В сынып
- ✓ Кітапханада бұрыш әзірлеу

Рухани-адамгершілік тәрбие модулі

Мақсаты: тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаттарын, оның жалпыадамзаттық құндылықтармен, қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келісілетін моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын жаңғырту туралы құндылық негіздерін терең түсінікті қалыптастыру.

- 2022/2023 оқу жылы
- Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы,
- Роза Бағланованың 100 жылдығы,
- Қазыбек бидің 355 жылдығы,
- Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы,
- Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығы,
- Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығы аталып өтті

Міндеттері – тәрбие жұмысы және сынып сағаттары арқылы құндылықтар:

- ✓ Үздіксіз білім алу дағылары – «Оқуға құштар мектеп» жобасы – 6 рет
- ✓ «BOOK Dating» 100 жаңа кітап – үнемі
- ✓ Оқушылар ұйымы жұмысы – Мектеп Парламенті, дебат - кезінде
- ✓ Ресурстарды тиімді пайдалану (экология, құқық, қаржылық білім) – мерзімді
- ✓ Ұлттық құндылықтар - «Наурыз» және «Өркендеу» бағдарламасы
- ✓ Эмоционалды интеллект (Сын тұрғысынан ойлау) – Оқушылармен жұмыс
- ✓ Кино, театрмен байланыс – үнемі
- ✓ Сынып жетекшілер бірлестігі – «Толық адам бейнесі»
- ✓ Ұстаздар мерекесі, Рахмет айту, Бірлік күні – мерекелік шара
- ✓ Тілдер мерекесі – А. Байтұрсынұлы күніне апталық қойылым

Күтілетін нәтиже – құндылықтар (ұлттық жады, жауапкершілік пен азаматтық борыш сезімдері) қалыптастыру

№	Аудан/район	Мектеп/школа	Іс- шара сілтемесі/ ссылка мероприятия
1	Алматы	№63 мектеп-гимназия	https://www.instagram.com/tv/Ca1CF3SIhEs/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/p/Ca1FfZHIW4W/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/tv/Ca1MM-mIPII/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/p/Ca2OoTVo_ga/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/p/CbEg4jXogLK/?utm_medium=copy_link

№	Аудан/район	Мектеп/школа	Іс- шара сілтемесі/ ссылка мероприятия
1	Алматы	№63 мектеп-гимназия	https://www.instagram.com/p/CbrDz6woHi3/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/p/Cbb504bI-tR/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/p/Cbb5pkGonWG/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/p/CbOkLBIIfaP/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/p/CbOkGXTo32N/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/tv/CbOj0m1oumn/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/tv/CbOg3eQoyE4/?utm_medium=copy_link https://www.instagram.com/tv/CbOgwCvoFI0/?utm_medium=copy_link

Жоспардың орындалуы туралы ақпарат

Тармақ	Іс-шара атауы	Мазмұны	Қатысқан балалардың саны	Сілтеме
9-т	«Оқуға құштар мектеп»	Оқушылардың көркем әдеби кітаптарға деген қызығушылығын арттыру READx- жобасы	200	https://www.facebook.com/groups/145007106449595/permalink/1274274686856159/?mibextid=Nif5oz https://www.instagram.com/p/CnttsWkoiLV/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

10-т	«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!»	Тәрбие сағаттары	150	https://www.facebook.com/groups/145007106449595/permalink/1131389104478052/?mibextid=Nif5oz
16-т	Лайфхак	Пайдалы ақпараттармен бөлісу	34	https://www.instagram.com/reel/CrAuwi8I6Pg/?igshid=MDJmNzVkMjY= https://www.instagram.com/reel/CrfuYdyoa4i/?igshid=MDJmNzVkMjY=
17-т	Жас колумнистер	Басылым беті Әл/желі	8	https://www.instagram.com/p/CriEASQAQzX/?igshid=YmMyMTA2M2Y= https://www.instagram.com/reel/CrSW8HvI6pT/?igshid=YmMyMTA2M2Y=
23-т	Контенттер	Өртүрлі техникалардың жасалуы	25	https://www.instagram.com/p/CrVqmbINSIe/?igshid=YmMyMTA2M2Y= https://www.instagram.com/reel/CcZobS_FW5F/?igshid=YmMyMTA2M2Y=
24-т	Жас журналистер	Жобалар ұйымдастыру	10	https://youtu.be/Z8k0Wb2XbYs

Салауатты өмір тәрбиесі модулі

Мақсаты: дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

- «Ұлттық ойындар - асыл мұрамыз» ұлттық ойындары бойынша турнир;
- қалалық спорттық-бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде «Буркасын», «Марафон», «Отбасылық старттар», жеңіл атлетикалық эстафеталар және т. б.;
- «Спорт класы» және «Спорт мектебі-спорт астанасы!».

Мақсаты: дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

- «Ұлттық ойындар - асыл мұрамыз» ұлттық ойындары бойынша турнир;
- қалалық спорттық-бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде «Буркасын», «Марафон», «Отбасылық старттар», жеңіл атлетикалық эстафеталар және т. б.;
- «Спорт класы» және «Спорт мектебі-спорт астанасы!».

Салауатты өмір салты – әрбір баланың өмір қалпы болуы тиіс. Дені сау адам – қоғам байлығы. №63мг қалалық №7 емхана дәрігер, психологтарымен және қалалық нарколог дәрігерімен, мектеп медбикесімен тұрақты жұмыс емшара жүргізіледі. Мектепте спорт секциялары жұмыс істейді және

мұғалімдер жетекшілік жасайды. Футбол (Бадилхан Аманжол), волейбол(ұлдар, қыздар)- Закария Нұржан, баскетбол(ұлдар, қыздар) – Тоқтарханова Ақтоты, қазақша күрес – Ахатов Ербол, тоғызқұмалақ (Бадилхан Аманжол), асық, бестас – Тоқтарханова Ақтоты, жеңіл атлетика(Закария Нұржан, шаңғы (Ахатов Ербол) үйірмелері жұмыс істейді. Мектепішілік секцияға - 233, мектептен тыс – 215 бала барады. Қазақша күрес (Қосым Мереке)пен асық, бестас ойыны (Б.Бекбосынова) бойынша жетекшілер мен оқушылар қалада алда келеді.

Медбике тарапынан мерзімді оқушы денсаулығы және асхана мәзірін алу жұмыстары жүргізіліп отырды.

Денсаулақ апталығы аясында «Дені саудың - жаны сау», «Спорт – өмір көркі» апталықтары өткізілді. Биыл мектепішілік спорт парады өтті. Мектеп оқушыларының мектепішілік, қалалық спорттық сайыстарға қатысады.


Қазіргі таңда электронды темекі де өзекті болып отыр, әсіресе жастардың қолданатыны вейп секілді түрлері. Оны кәмелетке толмағандарға сату тиым салынған, десек те сұранысқа ие болып отырған электронды темекінің бұл түрін әртүрлі әлеуметтік желі, сайттардан оқушылар сатып алып жатады. Соның алдын алдын алу масатында, зияны жайлы ақпарат беру үшін МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТИ-нің оқушылары бейнеролик түсірген болатын. Сілтемесі - <https://youtu.be/Xfr2ggqDLC>

Отбасы, Ұлттық тәрбие бағыты модулі

Мақсаты:

- ✓ ата-аналарды ағарту, олардың психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру;
- ✓ тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарының мәдениетіне құрметпен қарауға бағдарлау
- ✓ 2024 жылдан бастап көрнекті жазушы, журналист, бас редактор Шерхан Мұртаза есімі №63 мектеп-гимназиясына берілді. Отбасылық тәрбиенің ең маңызды құрам бөлігі – ұлттық тәрбие.
- ✓ Мектеп-гимназия осы бағытта «Атамекен» (авторы п.ғ.к. М.Құрсабаев) бағдарламасымен жұмыс жасап келді, 2020 жылдан құндылықтарға бағдарланған «Өркендеу» бағдарламасы қосылды. Жыл сайын «Өркендеу» жобасы негізінде ұлттық тәрбие мектептері бойынша семинар жұмысы берілді.
- ✓ **Отбасы – бала тәрбиесінің бастауы**
- ✓ Мектептің миссиясы да құндылықтарға бағдарланған дамушы тұлғаны тәрбиелеуді көздейді. Отбасындағы құндылықтарды дәріптеуде үштік одаққа негізделген «Өркендеу» бағдарламасы алты - Ата, Әке, Аға және Әже, Ана, Жеңге тәрбие мектебімен қолданысқа енді. Ұлттық мектептер жүйесі қалыптасты. Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту мақсатында бірқатар шаралар жоспарланып, жүзеге асырылды. Республикалық семинар 2022, 2023, 2024 жылы өткізілді. Жыл бойы бекітілген сынып жетекшілер жұмыс жасады. Апталықтар өтті. Сынып жетекші мен ата-ана арасындағы байланыс қалыптасқан. Тоқсан сайын ата-аналар жиналысы жүйелі тақырыптық сипатта өтеді. «Ата-аналар университеті» құрылды. Мектебімізде ата-ана, мектеп, оқушы жұмысы жанданып, үштік одақ ынтымақтастығына басымдық берілген.

АТА-АНАЛАР – ОТБАСЫ ТІРЕГІ



Биылдан бастап үштік одақ жұмысын нығайтуға бағытталған «АТА – АНА САҒАТЫ» 1-11 СЫНЫПТАРДА ӨТТІ. Мектеп директоры М.Серікұлы белсенді ата-аналарды марапаттады.

Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие модулі

Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша оқушылардың эстетикалық дағдыларын арттыра отырып, сұлулыққа, мәдениеттілікке, жан-жақты болуға тәрбиелеу болып табылады. Жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде орындалды. Мектебімізде спорттық тәрбие беретін түрлі үйірмелер жұмыс жасайды.

Мәдени шаралар				
№	Іс-шаралар	Түрі	2022-2023 о/ж	2023-2024 о/ж
	«Алғашқы қоңырау» мерекесі	с/ шара	+	+
1.	"Ұстаз – ұлы тұлға"	Іс-шара	+	+
2.	Жаңа жыл мерекесі	Шаралар	+	+
3.	Аналар меркесі	Жалпымектептік мереке	+	+
	«Наурыз мейрамы»			
4.	Ардагер ұстаздармен кездесу	кездесу	+	+
5.	Тұлғалармен кездесу	кездесу	+	+
6.	«Қайырымдылық» акциялары	акция	+	+
7.	«Қарттарға қамқорлық» акциясы	кездесу	+	+
8.	“Шаттық» байқауы	байқау	Алтын жүлде	Қола жүлде
			Диплом	диплом
				Күміс жүлде
				диплом

9.	«Күмбірлеген домбыра үні», «Асылмұра» байқаулары	байқау	-	+
10.	«Сәулет өнері - болашақта»	іс-шара	II	диплом
11.	«Қалалық жүргізушілер»	шара	+	+
12.	«Дебат» сайысы	сайыс	+	+
13.	Қол өнер, ән	байқау	+	+
14.	Флеш-мобтар	акция	+	+
15.	Лайф - хак	сайыс	+	+
16.	Алғыс айту күні	Шара	+	+
17.	«Қозы Көрпеш- Баян Сұлу» күні	шара	+	+
18.	Экологиялық шаралар	Білім	+	+
19.	«Сыңғырла, күміс қоңырау»	с/шара	+	+

ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ модулі

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық, экологиялық мәдениетін дамыту.

Кәсіби бағдар бойынша менеджер Ұ.Байтасова жұмыс жүргізді. Қала оқу орындарымен тығыз байланыс орнаған. Оқушыларға келіп бағыт беру жұмысы жыл бойы жүріп отырды. Оқушылар да ашық есік күндеріне оқу орындарымен танысты.

- Мектеп маңайын абаттандыру жұмысына мектеп ұстаздары шығып тұрады.
- «Мен тұратын аудан» жобасы жасалып, қалалық шараларға қатысты.
- ✓ «Сен өзіңе қандай экоәдет қалыптастырдың? – сынып сағаттары
- ✓ «Қайырымдылық істер» апталығы «Мамандық: кеше, бүгін, ертең» «Мектептегі бір күн» жобасы (ПРОФОРЕНТАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ)
- ✓ «XXI ғасыр менеджері» - оқушылар ашқан клубтар

Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылындағы жұмыстары бойынша талдама

1.Білім беру мекемесі жайлы ақпараттық анықтама:

Мектептегі оқушылар саны: 2022-2023 оқу жылында 3218 оқушы

2023-2024 оқу жылында 3362 оқушы

2024-2025 оқу жылында 3367 оқушы

2. Білім беру мекемесінің психологиялық қызметі туралы ақпараттық анықтама: 2010 оқу жылы мектеп ашылғалы психологиялық қызмет жұмыс жасайды.

Ебышева К.Е -26 жыл (осы мектепте 14 жыл)

- Психологтың жалпы өтілі және осы білім беру мекемесіндегі педагогикалық өтілі;

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
2. Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
3. Білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
4. Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
5. Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
6. Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге

консультациялық көмек көрсету;

7. Білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көрсету.

Негізгі бағыттары:

Психодиагностика

Психопрофилактика

Психокоррекция

Психологиялық кеңестер

Қыркүйек айының 15-і күні отбасы күніне арналған Бірінші сынып ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек «Өз балаңа үлгі бол» тақырыбында конференция өткізілді.



07.10 күні мектеп психологы Ебышева К.Е 5-11 сынып жетекшілеріне тренинг өткізілді. Тренингке қатысушылар балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу және әрекет ету бойынша іс-әрекеттер алгоритмімен танысты, іс-әрекет алгоритмімен жұмыс істеуге жаттықты. Тренинг барысында тақырыпқа байланысты Кейстермен жұмыс жасалып, мұғалімдер өз тәжірибесімен бөлісті.



03.11 күні мектебіміздің оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Наурзбекова, мектеп психологы У.Беркимбаеваның ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ата-аналарға арналған семинар-тренинг өткізілді. Мақсаты балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесіне қоғамның назарын аударту, ата-аналарға бала тәрбиесіне байланысты мәселелер туралы ойлануымен бала тәрбиесінде жазалау мен тыйым салу жаңаша тәсілдерін қолдану мүмкіндіктерін қайта қарауға кеңес беру.

Ата-аналар семинарға өте белсенді қатысып, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді бірге талқылады.

2022 жылыдың 19-23 желтоқсан аралығы мектебімізде «Бақыттымыз бәріміз!» атты психология апталығының жоспары жасалып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру.

Апталық аясында «Ата-аналар мен оқушылар үшін тақырыптық стендтерді рәсімдеу және жаңарту жұмыстары жүргізілді.

19.12 күні апталықтың ашылуы «Бақыттымыз бәріміз» мұғалімдер мен оқушыларларға психологиялық жағымды ахуал қалыптасытырып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. 1-11 сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 8-11 сынып оқушыларымен «Психологпен сырласу» ашық есік күні психологиялық қолдау тобымен жүргізілді.



20.12 күні 4-7 сыныптар аралығында оқушылармен мектебіміздің 1-қабатына «Әлем балалар көзімен» тақырыбында сурет көрмесі жасалды.



20.12. күні мектеп психологы Каламбекова Л.С 4-сынып оқушыларымен «Сенімділік күш береді!» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Оқушылардың дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту.

8-9 сыныптар аралағындағы оқушыларымен «Өмірдің жарқын сәттері» атты флешмоб өткізілді. Әр сынып өз өнерлерімен өте белсенді қатысты.



21.12 күні 6-сынып оқушыларына «Жақсы тілектер түймедағы» атты ашық есік күні өткізілді. Әр сынып оқушылары түймедақ күлтешесіне өздерінің ізгі-тілелектерін жазып, ойларымен бөлісті.

«Құшақтау және мақтау күні» атты мектепішілік акциясы өткізілді. Әр сыныпта жағымды қарым-қатынастағы бейнероликтер түсірілді.



5- сынып оқушыларымен «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тақырыбында мектеп психологі Ебышева К.Е тренинг өткізілді. Мақсат: оқушыларды өз көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Тренингте оқушылар түрлі жатығулар жасап, белсене қатысты.



10-сынып оқушыларымен «Өмір керемет!» тақырыбындағы тренинг өткізілді. Тренингті мектеп психологі Ебышева К.Е психологиялық қолдау тобымен бірге жүргізді. Мақсаты: оқушыларға өмір ұғымын түсіндіре отырып, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайлар туралы ақпарат беру.



11-сынып оқушыларымен «Өмірге не үшін алғыс айтар едің?» тақырыбында сұхбат жүргізілді. Оқушылар өзара ойларымен бөлісіп, сұхбат берді.



23.12 күні «Бақыттымыз бәріміз» атты психологиялық апталықтың жабылуы өткізілді. Іс-шара барысында флешмоб сайысынан іріктеліп алынған сыныптар өз өнерлерін көрсетті. Мектебіміздің психологиялық қолдау тобының оқушылары өздерінің ұран сөздерімен, әндерін көрермендермен бірге айтып, аяқтады. Іс-шараға белсене қатысқан барлық оқушылар алғыс хатпен марапатталды.

11.01. күні мектеп психологы Ебышева К.Е педкеңес аясында мектеп ұжымымен «Көшбасшыларды аласапранның алып шығып, жетістік жолына жететін он қағида» атты тренинг өткізді.



28.01.күні «Мектеп пен отбасы бірлігі болашақ ұрпақ тірлігі» тақырыбында 5- сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне арналған педогогикалық консилиум аясында ата-аналармен «Тимбилдинг» жаттығулары жүргізілді. Ата –аналар өте белсенді қатысып, түрлі тапсырмаларды топ болып орындап, өзара ой бөлісіп талқылады



16.01.-20.02 күндер аралығында 1-сынып оқушыларымен «Мен тәуелсіз болғым келеді» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты: Мектеп оқушыларын «Тәуелсіздік» ұғымымен таныстыру, тәуелсіздік бізге туғаннан беріле ме, әлде оны дамыту мүмкін бе, керек пе, анықтау, дербестікке, еңбексүйгіштікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өз ойын жеткізе білуге дағдыландыру.



23.02.күні мектеп психологы Ебышева К.Е ұйымдастыруымен 8-11 сыныптардың қыздарымен "Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы" атты іс-шара болып өтті.

Іс-шараның мақсаты: қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Іс-шара барысында қыздармен пікірталас, түрлі тренинг жаттығулары жүргізілді. Қыздар өте белсенділікпен қатысып, өз ойларымен ашық бөлісе білді. Қонақ күтуге байланысты жемістерді әрлеу шеберлігі көрсетілді.

06.04.күні 9-11 сыныптардың ата-аналарына «Өзіңізді және балаңызды болашақ емтихандарға қалай дайындауға болады?» тақырыбында кеңестер жүргізілді.



18.05-24.05 күндер аралығында 11 «а», «ә», «б», «в» сынып оқушыларына «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік», «ҰТБ-ға дайындық кезінде жүйелік-психологиялық қысымнан арылу тәсілдері», «ҰТБ-ға сеніммен барайық», «ҰТБ мен емтиханға дайындық кезіндегі қиындықтар», «Стреспен қалай жүресуге болады?» тақырыбында тренинг-сабақтар жүргізілді.



«ЖАЗ-2023» ТАПСЫРМАЛАР

- ✓ ҚАҰПСІЗДІК, «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ, МЕКТЕП МАҢАЙЫН АБАТТАНДЫРУ, «Жасыл ел» Т.Б)
- ✓ «Мектепті көркейтеміз –қаламызды көркейтеміз» еңбек десанты (қыркүйек, мамыр)
- ✓ Қалалық экобілім шарасы – жаратылыстану бірлестігі – 3 орын, сертификат

Сынып сағаттары:

1. «Қоқыссыз әлем» (1-4 сынып)
2. «Біз табиғатты қорғаймыз!»
(5-7 сынып)
3. «Мыңдаған ғаламшардан Жерден кереметі жоқ!»
✓ (8-10 сынып)

Сынып сағаттары 1- ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА – 17 САҒАТ, 2- ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА -17 САҒАТ БЕРІЛДІ ЖӘНЕ КҮНДЕЛІК.KZ ЖУРНАЛҒА ЖАЗЫЛДЫ. Тәрбие сағаттарының тақырыбы жыл басында беріледі. Тәрбие сағаттарына қатысу жыл бойы жалғасты. Р.С. Тәрбие шараларының слайды жеке берілген.

SWOT талдау:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарланған жеке тұлғаны қалыптастыру шарттары	
✓ Наурыз мерекесі, мерекелік шаралар ✓ – Ұстаздар күні, ✓ Республика күні, ✓ 8 Наурыз мерекесі, ✓ Мектеп Парламенті, ✓ Ата –аналармен жұмыс, ✓ Спорт, Өнер, ✓ «Шаттық» сайысы , ✓ Ұлттық және Отбасылық тәрбие, әлеуметтік жұмыс, ✓ Психологиялық жұмыс ✓ Құқықбұзушылықтың алдын алу менеджері	✓ Сыныптардың челлендж, акцияларға бәсеңдігі; ✓ Сынып деббаты, ✓ Сқушылардың сабаққа кешігуі; ✓ Мектеп пен ата-ана байланысының аздығы; ✓ Мектепшілік жобалармен жұмыстың аздығы; ✓ Сынып жетекшілердің сабақбасты болуы
<u>О</u>	<u>Т</u>
✓ ата-аналармен біріккен жұмыстардың сапасын арттыру ✓ мектеп туризмін жолға қою ✓ ұлы тұлғалардың жылнамасын, мерейтйларын бірлестіктердің атқаруы ✓ сынып парламенті, сынып деббаты жұмыстарын арттыру ✓ <u>экологиялық шараларға басымдық беру</u>	✓ <u>Оқушы мен мұғалім конфликтісінде ата-аналардың баланың сөзін сөйлеуі</u> ✓ <u>Діни атрибутикамен киінудің алдын алудағы кедергілер</u> ✓ <u>Кітап оқудың талапқа сай болмауы</u>

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылы тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүзеге асырылса, 2023-2024 оқу жылдары тәрбие жұмысы ***Біртұтас тәрбие бағдарламасы*** негізінде ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП бағыттары бойынша жүзеге асырылуда. Тәрбие жұмысы әр оқу жылына арналған тәрбие жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы» бұйрығы, сондай-ақ басқа да нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жасалған.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау - Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- 1) ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- 2) халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- 3) әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
 - 2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
 - 3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
 - 4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- 1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- 2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- 3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- 4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- 5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: I. ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ.

Тілдер күні қарсаңында Астана қаласы бойынша атаулы челлендж өтті. Осы челленджге мектеп оқушылары да ат салысты. 1-11 сынып оқушылары қамтылды. Толығырақ сілтеме арқылы қарай аламыз

https://www.instagram.com/reel/DASbTq1sdGJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

ҰСТАЗДАР КҮНІ.

«Ғалым да, дана да бас иетін,

Ұстазым, асыл ғой қасиетің!» тақырыбында ұстаздар күніне құттықтау бейнероликтері:

https://www.instagram.com/reel/DAsypxvMKWB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

25-қазан – Республика күніне байланысты ҚР ГИМН орындау

23.10.2023ж сағат 12.00-де Астана қаласы бойынша «Гимн айту» челленджі өтті. Атаулы шараға мектеп оқушылары ат салысты.

Мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Әлеуметтік желіге жарияланды, сілтемесі арқылы бақылай аламыз

https://www.instagram.com/reel/Cyz9gcwsW_4/?utm_source=ig_web_copy_link

«ЖАҢА ҚАДАМ» ҚАЛАЛЫҚ ПРЕЗИДЕНТТЕРДІ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІ

Республика күніне орай 27.10.22ж Астана қаласы бойынша мектеп Президенттерін "Жаңа қадам" ұлықтау рәсімі болды. Іс-шара жоғары деңгейде, патриоттық нотада өтті. Әнұранмен басталып, тілек айтылып, құрметті қонақтар галстук тағу рәсімін жасады. Жас көшбасшылардың қадамы құтты болсын! Мектебіміздің Президенті-Сағымбек Нұрдаулетке де табысты, жеңісті жыл тілейміз! Атаулы шарада Мектеп Президенті де сөз алып, болашақ президенттерге табысты, жеңісті жыл болсын деп тіледі.

Ұлықтау рәсімінің мақсаты – жаңа сайланған Президенттерді таныстыру, ант қабылдап, жұмыстың жауаптылығын сезіндіру. Мемлекеттің кіші моделі сияқты басқрау, ұйым жұмысын жүргізуді қолға алу.

https://www.instagram.com/reel/CyqnnOsMw0_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2 ауысым Президент сайлауы

2023 жылдың 15-ші желтоқсанында екінші ауысым бойынша екінші ауысым Президентін анықтау мақсатында “Президент сайлауы” өтті.

Сайлауға 5 үміткер қатысты.

Нәтижесінде:

Салыбек Ағынтай- 365 дауыс

Мұқағали Мақатаев-300

Теңізбаев Жанель-266

Мәуленбек Жасұлан-268

Бекіл Али -360

Дауыс беруге 5-7 сынып оқушылары мен ұстаздары қатысты.

Ең көп дауыспен Салыбек Ағынтай екінші ауысым ПРЕЗИДЕНТІ болып сайланды. Қалған үміткерлер парламент құрамында фракцияларда қызмет атқаратын болады.

Мектеп өмірін қызықты етуге, ат салысуға баршаңызды шақырамыз!

https://www.instagram.com/reel/CyqnnOsMw0_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=

БІРТҮТАС ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: П.АР-ҰЯТ
«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ - БАЛАЛАР» ФОРУМЫ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Жарқын болашақ кепілі - балалар» форумы өтті. Іс-шарада аудан бойынша 250-ден астам оқушылар қатысты, мектебімізден 10 оқушы барды.

* «Жүрек», «Ақыл», «Қайрат», «Ғылым» тақырыптары бойынша 6 спикер шақырылды:

- «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы – Нұрлан қажы Асанов;
- «100 жаңа есім» жобасының қатысушысы, блогер Алексей Лодочников (Әлеке Қайықбаев);
- «Asar-Ume» қайырымдылық қорының негізін қалаушы - Асхат Нұрмашев;
- VIII сайланған ҚР Парламенті депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов;
- VIII сайланған ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, ережесіз жекпе-жекпен ҚР еңбек сіңірген спорт шебері - Ардақ Назаров;
- «Freedom Holding Corp.» бас атқарушы директоры Тимур Турлов.

Іс-шара барысында спикерлерден оқушылар біраз мотивация алды десек болады. Әрбір спикерді тыңдай отыра ой түйді деп ойлаймыз. Біздің де көшбасшыларымыз сұрақ-жауапқа қатысып, белсенділік танытты.

#жарқынболашақкепілібалалар

#өзінөзібасқаруұйымы

@almaty_audany @aimagambetov @nurlanimam.kz @asarume_kz @lodochnikov_official_page @nomad.today @ardaknazarov

https://www.instagram.com/reel/C0C_X0CIfkL/?igsh=MXywaGZ6NWx6enRtcg==

https://www.instagram.com/reel/Cx-5ZspMZk1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА» ЧЕЛЛЕНДЖІ

Атаулы челлендж Астана қаласы мектептерінің барлығында өтті. Мақсаты- оқушылардың бойына қайырымдылық, ізгілік атаулы қасиеттерді дарыту. Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейінен қабыл алып, іргеміздегі Шерхан Мұртазаұлы атындағы №63 мектеп-гимназиясына жолданды. Челленджге мектебіміздің «Қамқоршылық кеңес» мүшелері, «Әкелер мектебі» ұйымының мүшелері қатысып, мектеп ауласын қардан тазалап ат салысты.

«Үштік одақ» жұмысы жалғасын таба берсін, оқушылар осындай әкелерден тәлім-тәрбие ала берсін.

https://www.instagram.com/reel/C346n5uLE54/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ МЫҢ АЛҒЫС» ЧЕЛЛЕНДЖІ

Мектеп оқушылары атаулы челленджге қатысып, жүректен шыққан алғыс, тілектерін білдірді.

Мақсаты – жастардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру.

Міндеті:

- Отанын сүйетін нағыз азамат тәрбиелеу
- өз жеріне, халқына деген мақтаныш пен алғыс сезімін тәрбиелеу
- өз отбасына, қаласына, Отанына қатысты сезімдерін қалыптастыру

Ұйымдастырушылар: Астана қаласы Білім басқармасы, Мектепшілік және студенттік Парламенттің жедел штабы – Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы

Қатысушылар: Астана қаласы білім беру ұйымдарының оқушылары мен студенттері. Челлендж бойынша фото, бейнежазбаларды әлеуметтік желілерге #АстанаданҚазақЕлінеМыңАлғыс хэштегімен жүктеліп, Парламент аккаунтын белгілеп \@parlament_school_student, @bilimastana @rumcdo_official салынды.

https://www.instagram.com/reel/C38IWn0r2II/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ІІІ. ТАЛАП

«BIRGEMIZ: BILIM» ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ ФОРУМЫ

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен «Birgemiz: Bilim» жалпыұлттық жобасын жүзеге асыруда. Жоба мақсаты халық арасындағы, соның ішінде ауылдық елді мекендерде цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылық деңгейін волонтерлік көмек пен бейресми оқу әдістері арқылы арттыру болып табылады. Жоба аясында 2023 жылдың 27-28 қараша аралығында Астана қаласында «Birgemiz: Bilim» жалпыұлттық жоба қорытындысы бойынша форум өтті.

